

**«Coca-Cola жүлделерін ұтып ал»
ЖАРНАМА НАУҚАНЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ
(бұдан әрі – “Ережелер”)**

«Coca-Cola жүлделерін ұтып ал» ЖАРНАМА НАУҚАНЫ (бұдан әрі – Науқан) осы Ережелердің 3.1.-тармағында көрсетілген өнімді Қазақстан Республикасы аумағындағы “Ауан” сауда-саттық желісінің кез-келген нүктесінде сатып алған тұлғалар арасында өткізіледі.

Науқанның мақсаты – «Кока-Кола Алматы Боттлерс» БК ЖШС-ың (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) «Coca-Cola», «Coca-Cola Zero sugar», «Fanta», «Sprite», «Bonaqua», «Piko» тауар белгілерімен шығатын өнімдеріне (бұдан әрі – Өнім немесе Науқандық өнім) деген қызығушылықты, олардың жағымды имиджін және оларға деген тұтынушылық сұранысты қалыптастыру, сондай-ақ осы Өнімдердің сатылу көлемін ұлғайту.

ТССС, бірлесе немесе жекелей, Coca-Cola Company, Schweppes Holdings Limited, Тапсырыс берушіге ТССС сауда белгілерін пайдалану құқығын берген ТССС сауда белгілеріне деген құқық иелерінің барлығын және кез келгенін білдіреді.

БҰЛ НАУҚАН ЛОТЕРЕЯ НЕМЕСЕ ҚҰМАР ОЙЫН ЕМЕС, ОҒАН ҚАТЫСУ ҮШІН ҚАТЫСУШЫЛАРДАН ҚОСЫМША АҚЫ ТАЛАП ЕТІЛМЕЙДІ.

1. ТАПСЫРЫС БЕРУШІ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Тапсырыс беруші: «Кока-Кола Алматы Боттлерс» БК ЖШС, тіркелген мекенжайы: Қазақстан Республикасы, А05D0G0, Алматы қ., Алмалы ауданы, Гоголь к-сі 203/73.

Науқан өтетін аумақ: Науқан Қазақстан Республикасының аумағында «Ауан» сауда-саттық желісінің Астана, Қарағанды, Теміртау қалаларындағы барлық дүкендерінде өткізіледі.

Ұйымдастырушы: «Ауан» сауда-саттық желісі

2. НАУҚАН ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ НАУҚАНҒА ҚАТЫСУ

2.1. Науқан 2024 жылдың 16 -маусымы мен 2024 жылдың 15-шілдесі аралығында өтеді (екі күнді қоса алғанда, бұдан әрі Науқан кезеңі деп аталады). Ұтыс ойынының күні – 2024 жылдың 16-шілдесі.

2.2. Ұтыс ойынының жеңімпаздарына жүлде беру мерзімі – 2024 жылдың 16-шілдесінен 2024 жылдың 15-тамызына дейін (екі күнді қоса алғанда).

2.3. Науқанға қатысу үшін тұтынушы, Ережелердің 3.1.-тармағында көрсетілген Науқандық тауарларды «Ауан» сауда желісінің дүкендерінде сатып алуы қажет. Науқандық тауар «Ауан» бейілділік картасы арқала сатып алынуы қажет. Науқандық тауарды сатып алғаннан кейін сатып алушыға кассада чекпен бірге купон беріледі. Оны www.promo-auan.com веб-сайтында барлық өрістерді толтыра отырып тіркеу қажет. Барлық өрістерді толтырып тіркелгеннен кейін, тұтынушы науқанның қатысушысы болып есептеледі.

2.4. Науқанға Қатысушы Науқандық өнімнің сатып алынғандығын растайтын чекті Науқанның бүкіл мерзімі бойы және Науқан жеңімпаздарына жүлделер берілгенге дейін сақтауы тиіс.

2.5. Науқанға қатысушы келетін тұлғалар Науқандық өнімді осы Ережелердің 3.1.-тармағына сәйкес сатып алып, осы Ережелердің нұсқауларын орындауы тиіс.

2.6. Осы Ережелердің 2.1-тармағында көрсетілген ұтыс ойынын өткізу күндері Ұйымдастырушының www.promo-auan.com веб-сайтында «Науқандар» бөлімінде жеңіске жетіп, жүлде иеленген қатысушылардың (бұдан әрі – Жеңімпаз) тізімдері жарияланады.

2.7. **Қатысушының сайттағы дерек өрістерін қате, ішінара және/немесе бұрыс толтыруы Тапсырыс берушінің кінәсі болып табылмайды және танылмайды. Деректер қате, толық емес және/немесе бұрыс толтырылған жағдайда Қатысушы Науқанға қатыстырылмайды және Науқан Жеңімпазы ретінде танылмайды.**

2.8. Ережеде көрсетілген барлық мерзімдер Қазақстан Республикасы, Астана қаласының уақыты бойынша есептеледі.

2.9. Салдарынан Қатысушы немесе Ұйымдастырушы Науқандық өнімнің сатып алынғандығын көрсете/тіркей алмаған байланыс немесе кассалық бақылау машинасының, Ұйымдастырушының қосымшасы немесе веб-сайтының жұмысындағы ақаулар үшін Тапсырыс беруші жауапты емес.

2.10. Осы Ережелерде өзгеше көзделмесе, Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы Қатысушының Өнімдерді сатып алуына немесе Науқанға қатысуына байланысты туындауы мүмкін шығындары мен шығыстары үшін жауапты емес.

3. НАУҚАНДЫҚ ӨНІМ

3.1. Науқанға қатысатын Өнімдер:

№	ШТРИХКОД	КӨЛЕМІ	ӨНІМНІҢ АТАУЫ
1	5449000054227	1 ЛИТР	COCA COLA CLASSIC 1 ЛИТР ПЭТ
2	5449000133328	1 ЛИТР	COCA COLA ZERO SUGAR 1 ЛИТР ПЭТ
3	5449000006271	1 ЛИТР	FANTA ORANGE 1 ЛИТР ПЭТ
4	5449000050939	1 ЛИТР	SPRITE 1 ЛИТРА ПЭТ
5	5449000152831	1 ЛИТР	FANTA LEMONADE 1 ЛИТР ПЭТ
6	5449000026583	1 ЛИТР	BONAQUA CARBONATED 1 ЛИТР ПЭТ
7	5449000005489	1 ЛИТР	BONAQUA STILL 1 ЛИТР ПЭТ
8	5449000145949	1 ЛИТР	PIKO ORANGE
9	5449000145925	1 ЛИТР	PIKO ТОМАТ
10	5449000145895	1 ЛИТР	PIKO APPLE
11	5449000145932	1 ЛИТР	PIKO PEACH
12	5449000170583	1 ЛИТР	PIKO MULTIFRUIT
13	5449000020246	1 ЛИТР	PIKO COMPOTE
14	5449000187499	1 ЛИТР	PIKO MORS
15	5449000321787	1 ЛИТР	PIKO CHERRY
16	5449000321770	1 ЛИТР	PIKO PINEAPPLE
17	5449000322067	1 ЛИТР	PIKO IMMUNITY
18	5449000322074	1 ЛИТР	PIKO STRENGTH
19	5449000277794	1 ЛИТР	PIKO TEMPO PINEAPPLE
20	5449000277770	1 ЛИТР	PIKO TEMPO APPLE
21	5449000277756	1 ЛИТР	PIKO TEMPO CHERRY

3.2. Жоғарыда көрсетілген Науқандық өнімдерді **кем дегенде 2 немесе бірлігін** сатып алған кассалық чек иесі автоматты түрде Науқанға қатысу құқығының иегері атанады. Бұл ретте Науқандық өнімді осы Ережелердің 2.1.- тармағында көрсетілген мерзімде «Ауап» сауда желісі нүктелерінің бірінде сатып алу қажет.

3.3. Кассалық бақылау машинасының кассалық чегін «Ауап» кассирі береді. Науқандық өнімнің сатып алынғандығын растайтын кассалық чекті Науқан кезеңі бойы және жүлделер беру мерзімінің соңына дейін сақтау қажет.

4. НАУҚАНҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

4.1. Науқанға науқандық өнімді сатып алған кезде жасы 18-ге толған Қазақстан Республикасының резиденттері қатыса алады (бұдан әрі – Қатысушы).

4.2. Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін тұлғалар, сондай-ақ Ұйымдастырушының және/немесе Тапсырыс берушінің қызметкерлері, жұмысшылары және/немесе өкілдері, олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ олармен еншілес тұлғалар, Науқанды дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге байланысты Ұйымдастырушымен шарттық қатынастары бар үшінші тұлғалардың қызметкерлері және өкілдері Науқанға қатыстырылмайды.

5. НАУҚАН ЖҮЛДЕЛЕРІ

5.1. Науқанның жүлде қоры келесі жүлделерден тұрады:

№	Жұлделердің атауы	Саны
1	Thermomix	1
2	Асүй көмекші құралы Kenwood KVC65.001WHTitanium Chef Baker	3
3	Гриль Delonghi CGH-1112D	5
4	Аэрогриль Tefal EY-505D15	3
5	Батпалы блендер Braun MQ7075X	5
6	Электрлі шэйнек Kenwood ZJM-810RD	5
7	Асүй таразы Kenwood DS-401	5
8	Ет тартқыш Kenwood MG-450	5
9	Нан пісіргіш Rondell RDE-1640	3
10	Тостер Bosch TAT-3P420	5

5.2. Еш жағдайда Жұлделердің жалпы саны осы Ережелердің 5.1-тармағында көрсетілген саннан аспауы тиіс.

5.3. Тапсырыс беруші Жұлделердің Науқанға қатысушылардың талғамына сай келмеуіне жауап бермейді.

5.4. Еш жағдайда Жұлделер өз құнының ақшалай эквивалентімен алмастырылмайды.

6. НАУҚАН ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ЖҮЛДЕ АЛУ ШАРТТАРЫ/ТӨРТІБІ

6.1. Науқан Жеңімпаздарын анықтау үшін 4 (төрт) адамнан тұратын тәуелсіз қазылар алқасы құрылады: Науқанға Тапсырыс берушінің 2 (екі) өкілінен және Ұйымдастырушының 2 өкілінен (бұдан әрі – Қазылар алқасы). Осы Ережелердің 2.1.-тармағында көрсетілген мерзімдерде тәуелсіз Қазылар алқасы (www.randstuff.ru) веб-сайтындағы онлайн рандомизатордың көмегімен кездейсоқ таңдау арқылы жеңімпаздарды анықтайды (бұдан әрі – Жеңімпаз). Науқанның негізгі Жеңімпаздарын анықтағаннан кейін Қазылар алқасы Науқан шарттарын бұзған немесе Жұлдені пайдалана алмаған негізгі Науқан Жеңімпазын алмастыра алатын 3 (үш) резервтік (балама) Жеңімпазды анықтайды. Науқанға Тапсырыс беруші және/немесе Қазылар алқасы резервтік (балама) Жеңімпаздар тізіміне енген Қатысушылардың есімдерін жариялауға міндетті емес.

6.1.1 Егер рандомайзер бір Қатысушыны екі рет таңдаса, ол жағдайда бұл Қатысушы тек бірінші рет ұтқан жүлдеге ие болады. Екінші жүлде басқа Қатысушылар арасында ұтыс ойынына қатысады.

6.2. Ұтыс ойынының нәтижелері Ұйымдастырушының www.promo-ayan.com веб-сайтында «Науқандар» бөлімінде жарияланады.

6.3. Ұйымдастырушы Тапсырыс берушіге Қатысушы сауалнамасындағы деректерді көрсете отырып, Жеңімпаздардың байланыс деректерін келесі форматта береді:

Купон нөмірі	Клубтық карта нөмірі	Телефон нөмірі	Аты-жөні	Қала	Жұлде

6.4. Тапсырыс берушінің өкілдері Жеңімпаздармен Ұйымдастырушыға берілген телефон нөмірлері арқылы хабарласады. Егер 3 (үш) күн ішінде Жеңімпазбен байланыс орнатылмаса (телефон нөмірі қате көрсетілген болса немесе Жеңімпаз қоңырауларға жауап бермесе) немесе Жеңімпаз хабарландыру алғаннан кейінгі 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде жарамды төлқұжаттың сканерленген көшірмесін жібермесе, Жеңімпаз Жұлде алу құқығынан айырылады, ал Тапсырыс беруші Жұлдені өз қалауынша қолдануға немесе Жұлдені балама үміткерге беруге құқылы болады. Бұл ретте Тапсырыс беруші Жеңімпазбен байланысу мүмкін еместігі туралы хат алмасуға немесе қандай да бір түсініктеме беруге міндетті емес.

6.5. Жұлде алатын Жеңімпаздарды анықтау осы Ережелердің 2.1.-тармағында көрсетілген ұтыс ойыны күні бір рет өтеді.

7. ЖҮЛДЕ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ

7.1. Жүлде беру тәртібі:

7.1.1. Жүлде Жеңімпазды Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші және (немесе) Тапсырыс берушінің атынан уәкілетті тұлға жариялағаннан кейін (осы Ережелердің 6.2-тармағына сәйкес) табыс етіледі. Бұл ретте Тапсырыс беруші Жеңімпаздан Жүлдені тапсыру үшін барлық қажетті құжаттарды сұратады. Жеңімпаз Жүлдені алу үшін қажет құжаттарды осы Ережелердің 7.2.-тармағында көрсетілген тізімге сәйкес Ұйымдастырушыдан хабар келген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей тапсыруға міндеттенеді.

7.1.2. Жүлдені алу кезінде Жеңімпаз «Хабарлама алу және Жүлдені қабылдау актісіне» (бұдан әрі – Акт) қол қоюға міндетті.

7.1.3. Жүлдені алу үшін Жеңімпаз Тапсырыс берушінің және/немесе оның уәкілетті тұлғаларының тиісті хабарламасында көрсетілген жерге келуі тиіс.

7.1.4. Тапсырыс беруші Жүлдені Жеңімпазға тапсырған сәтте оны тапсыру міндеттемелерін орындаған болып есептеледі. Актіде көрсетілген күн Жүлдені табыстау күні болып саналады.

7.1.5. Егер Тапсырыс беруші ұтыс ойыны барысында немесе Жүлде беру барысында Жеңімпаз деректерінде қателік анықтаса, Жеңімпаз жүлде алу құқығынан айырылады.

7.2. Жеңімпаз Жүлдені алу үшін Ұйымдастырушыға/Тапсырыс берушіге және (немесе) уәкілетті тұлғаға тапсыруы тиіс ақпарат пен құжаттар тізімі:

7.2.1. Т.А.Ә., ұялы телефон нөмірі, жеке басын куәландыратын құжат, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН);

7.2.2. Науқандық өнімнің сатып алынғандығын растайтын Науқанға қатысқан чектің түпнұсқасы;

7.2.3. Егер Жеңімпаз осы Ережелерде белгіленген мерзімде құжаттарды және/немесе ақпаратты тапсырмаса, Жүлде талап етілмеген болып саналады, ал Тапсырыс беруші оны өз қалауынша қолдана алады.

7.2.4. Осы Ережелердің 7.2.1.-тармағында көрсетілген құжаттардың фотосуреттеріндегі/сканерленген көшірмелеріндегі әріптер мен сандар оқуға болатындай анық көрінуі тиіс. Паспорт және (немесе) жеке басын куәландыратын құжат беттерінің сканерленген көшірмелерінде келесі деректер болуы тиіс: құжаттың сериясы мен нөмірі, құжатты берген органның атауы, құжаттың берілген күні, толық аты-жөні, туған күні мен жері. Сканерленген көшірмелерде техникалық өңдеу (суретті өңдеу бағдарламалары көмегімен өзгерту) белгілері болмауы тиіс. Тек бейне сапасын жақсарту әдістерін қолдануға рұқсат беріледі.

7.2.5. Науқанға Тапсырыс беруші Науқан жеңімпаздарына Жүлделерді беру тәсілін өзгертуге құқылы.

7.3. Жүлде келесі жағдайларда берілмейді:

7.3.1. Жеңімпаз Науқанды өткізуге және оған қатысуға қатысты заңсыз әрекеттер жасаған жағдайда;

7.3.2. Жеңімпаз осы Ережелерде көрсетілген ақпаратты/құжаттарды тапсырмаған және/немесе Актіге қол қойудан бастартқан жағдайда;

7.3.3. Жеңімпаз Науқанға қатысудан бастартып, өзінің жеке деректерін жинауға және өңдеуге берген келісімін қайтарып алған жағдайда;

7.4. Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші немесе олардың өкілетті тұлғалары келесі құқықтарға ие: (a) Науқан мерзімі ішінде және Жүлде беру мерзімі аяқталғанға дейін Науқандық өнімнің сатып алынғандығын растайтын құжаттарды және кассалық чектерді сұрату; (b) Жүлде алуға келген кез-келген қатысушыдан жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмесін сұрату; және (d) Талап етілетін растау құжаттары мен осы бөлімде көрсетілген басқа да құжаттарды көрсете алмаған кез-келген Науқан қатысушысына Жүлде беруден бастарту.

7.5. Жүлде алуына байланысты қатысушыда туындайтын қандай да бір шығындар үшін Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы жауап бермейді.

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТПЕ

ЕШ ЖАҒДАЙДА НАУҚАНҒА ТАПСЫРЫС БЕРУШІ ҰСЫНҒАН ЖҮЛДЕЛЕР САТЫЛЫМҒА НЕМЕСЕ ҚАЙТА САТЫЛЫМҒА ТҮСПЕУІ ТИІС. ОСЫ ШАРТ БҰЗЫЛЫП, АТАЛМЫШ САТЫЛЫМ ОРЫН АЛСА, ОЛ «THE СОСА-COLA COMPANY» КОМПАНИЯСЫНА ТИЕСІЛІ ТАУАР БЕЛГІЛЕРІН ЗАҢСЫЗ ҚОЛДАНУ БОЛЫП ЕСЕПТЕЛЕДІ. МҰНДАЙ

ЖАҒДАЙДА КОМПАНИЯ ӨЗ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ҮШІН ЖӘНЕ ЗАҢСЫЗ ӘРЕКЕТТЕРДІ ТОҚТАТУ ҮШІН ҚАЖЕТ ДЕП ТАБАТЫН КЕЗ-КЕЛГЕН ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ЗАҢДЫ ШАРАЛАРДЫ ҚОЛДАНУҒА ҚҰҚЫЛЫ.

8. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ КЕЛІСІМІ

8.1. Жұлде табыстау бұқаралық шара ретінде ұйымдастырылып, оған аудио, фото және (немесе) видео жазба жүргізетін БАҚ өкілдері қатысуы мүмкін. Осы Науқанға қатыса отырып барлық Науқан қатысушылары өз аттары, мекенжайлары, фото-видео бейнелері мен аудио жазбалары бұқараға жарияланып, Ұйымдастырушының қалауы бойынша оның аудио, фото және видео материалдарында қандай да бір өтемақысыз қолданылу мүмкіндігіне келісім береді.

8.2. Жоғарыда аталған бұқаралық шара ұйымдастырылған жағдайда Тапсырыс беруші және (немесе) Ұйымдастырушы Қатысушы(лар)мен бірге келген тұлғаларға осы шарт туралы ескертіп, әр Қатысушыдан тиісті келісімді өзі алады.

8.3. Жұлде алуға келген әрбір Қатысушы өзінің аты-жөні мен фото/видео ролигі және аудио жазбасы Ұйымдастырушы өз қалауынша қажет деп табатын кез-келген түрде жариялануы және Ұйымдастырушы тарапынан кез-келген аудио, фото және видео материалдарда Қатысушының қосымша келісімінсіз, рұқсатынсыз, Қатысушыға қандай да бір өтемақы берілуісіз және Қатысушыны келешекте хабардар етпестен қолданылуы мүмкіндігімен келіседі.

8.4. Науқанға тіркелу арқылы Қатысушы Тапсырыс берушіге/Ұйымдастырушыға және ТССС-ге, оның еншілес ұйымдарына және басқа да еншілес тұлғаларына (бұдан әрі – «Еншілес тұлғалар»), сондай-ақ Тапсырыс беруші/Ұйымдастырушы және ТССС мен оның Еншілес тұлғалары үшін деректерді сақтайтын және өңдейтін, Науқан аясында түрлі қызмет көрсететін үшінші тұлғаларға өзінің жеке деректерін жинауға, өңдеуге және өзге тараптармен бөлісуге рұқсатын береді, және бұл ретте Науқанды өткізу, оның ішінде жеңімпаздарды іріктеу, жеңімпаздар мен Науқанның басқа қатысушыларын ұтыстар туралы хабардар ету немесе Қатысушыны компаниялар туралы хабардар ету, оның ұсыныстары мен шағымдарын тіркеу, Қатысушыларға қызмет көрсетудің анағұрлым сапалы стандарттарын орнату, коммерциялық және іскерлік стратегияларды анықтау және енгізу және Қатысушыларға зерттеулер мен сауалнамалар нәтижелерін, ақпарат, маркетингтік ұсыныстар, мүмкіндіктер мен қызметтер және т.б. ұсыну мақсатында сол деректерді жинау, сақтау, жіктеу, түзету, өзгерту, пайдалану, тұлғасыздандыру, Қазақстан Республикасының немесе басқа елдердің резиденттері болып табылатын үшінші тұлғаларға беру, оның ішінде шекара асырып жіберу, бұғаттау қажеттілігімен келіседі.

9. THE COCA-COLA COMPANY (ТССС) ТАУАР БЕЛГІЛЕРІ

8.5. Осы Ресми Ережелерде Ұйымдастырушыға ТССС тауар белгілеріне иелік етуге немесе олардан табыс табуға ештеңе құқық бермейді. Ресми Ережелер де, Науқанға қатысу да Ұйымдастырушыға ТССС мен Тапсырыс берушінің атауын, эмблемаларын, тауар белгілерін немесе авторлық құқықтарын маркетингтік немесе жарнама мақсаттарында, сондай-ақ Науқан аясынан тыс басқа мақсаттарда қолдануға немесе атауға (ТССС-дің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз) құқық бермейді. Ұйымдастырушы ТССС тауар белгілерінің заңдылығын немесе ТССС-дің оларға деген құқығын мойындайды және бұл қағидаттарға ешқашан күмән келтірмейді.

8.6. Ұйымдастырушы Ресми Ережелердің ТССС тауар белгілеріне қатысты құқықтарды сақтау шарттарын бұзған жағдайда Тапсырыс беруші сол шарт бұзушылыққа байланысты өзі және/немесе ТССС, сондай-ақ қандай да бір басқа авторизацияланған өндіруші және/немесе ТССС тауар белгілері бар тауарлардың дистрибьюторы қандай да бір басқа аумақта көрген шығындарды өтуді талап етуге құқылы, ал Ұйымдастырушы Тапсырыс берушінің сол талабын бірден орындауға міндетті.

8.7. Осы тармақ Науқан мерзімі аяқталғаннан кейін де өз күшінде қалады.

10. ЖОЮ НЕМЕСЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ

10.1. Тапсырыс беруші Науқанды бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша немесе Қазақстан Республикасының кез-келген аумағында және/немесе елді мекенінде (қала, ауыл, т.с.с.) кез-келген уақытта доғаруға, жоюға, қайта бастауға немесе мерзімін созыдыруға, сондай-ақ осы Ресми Ережелерді кез-келген уақытта өз қалауынша өзгертуге құқылы.

10.2. Науқан шарттарына қандай да бір өзгерістер енгізілген жағдайда Ұйымдастырушы мұндай өзгерістерді www.promo-aqan.com веб-сайтында жариялайды. Мұндай жарияланым Науқанға қатысушыларды Науқанның

болмайтыны, тоқтай тұратыны, ұзартылатыны, қайта жаңданатыны немесе Науқан шарттары мен осы Ережелердің өзгеретіні туралы хабардар ету үшін жеткілікті болып саналады.

11. САЛЫҚТАР

11.1. Тапсырыс беруші Қатысушыларға Жүлде алуына байланысты салынуы мүмкін жеке табыс салығын төлеу үшін Қатысушылардан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құжаттарды немесе ақпаратты талап етуге құқылы. Қатысушы Ұйымдастырушыға осындай құжаттарды және/немесе ақпаратты беруден бас тартса, Тапсырыс беруші Жүлдені беруден бас тартуға құқылы.

НАУҚАНҒА ҚАТЫСА ОТЫРЫП БАРЛЫҚ ҚАТЫСУШЫЛАР АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ОСЫ РЕСМИ ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ МӘТІНІМЕН МҰҚИЯТ ТАНЫСҚАҢДЫҒЫН ЖӘНЕ РЕСМИ ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ ШАРТТАРЫМЕН ЕШ ШЕКТЕУСІЗ ЖӘНЕ СӨЗСІЗ КЕЛІСЕТІНДІГІН РАСТАЙДЫ.

ТҮСІНІСПЕУШІЛІКТІ БОЛДЫРМАУ ҮШІН ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ ОРЫС, АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ НҰСҚАЛАРЫНДА ҚАНДАЙ ДА БІР АЙЫРМАШЫЛЫҚ БОЛСА, ОРЫС ТІЛІНДЕГІ НҰСҚА БАСЫМДЫЛЫҚҚА ИЕ БОЛАДЫ.

«СОСА-COLA», «СОКЕ», «СОСА-COLA ZERO SUGAR», «СОКЕ ZERO», Контурлы бөтелке, Динамикалық толқын «The Coca-Cola Company» (Дзе Кока-Кола Компани) компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады.